2 бөлім. Көлік қызметін мемлекеттік реттеу мен басқару жүйесі

5-бап. Көлік қызметін мемлекеттік реттеу

Көлік қызметін мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, техникалық реттеу, салық салу, несие беру, қаржыландыру және баға белгілеу, инвестициялық, біртұтас әлеуметтік және ғылыми-техникалық саясат жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарын көлік кәсіпорындарының орындауына бақылау және қадағалау жасау жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге реттерде мемлекеттік органдардың көлік кәсіпорындарының шаруашылық қызметіне араласуына, сондай-ақ көлік кәсіпорындарының пайдалану қызметкерлерін басқа жұмыстарға қатыстыруға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайларды жою мақсатында мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қарауындағы теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су және әуе көлігін пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Уәкілетті мемлекеттік орган меншік нысандарына қарамастан тасымалдаушылардың әскери тасымалдарды орындау және ресімдеу қағидаларын, оның ішінде көлік түрлеріне әскери тарифтерді қолдану тәртібін әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Көлікті мемлекеттік басқару

Көлікті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен Ережеге сәйкес іс-әрекет жасайтын уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік органның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының көлік саласындағы экономикалық мүдделі қорғау;

көлік саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасындағы көлік қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және ұлттық стандарттарды әзірлеуге қатысу;

инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

республика экономикасы мен халқының тасымалдауларға, оның ішінде жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдауларға және соларға байланысты көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, жаңа технологияларды, мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың мобильділігін жеңілдететін құралдарды пайдалану;

жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын көлік жұмыскерлерін мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау және оларға көрсетілетін қызметтерді ұсыну дағдыларына үйрету, оның ішінде ымдау тіліне үйрету;

көлік қызметін пайдаланушылар құқықтарының сақталуын бақылау және қадағалау;

мемлекеттің және халықтың тасымалдау қажеттеріне болжамдар әзірлеу;

Қазақстан Республикасы көлік кешені қызметінің жұмысын үйлестіру және мемлекеттік реттеу функциясын жүзеге асыру;

құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау болып табылады.